

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ

Ортопедиялық және балалар
стоматологиясы кафедрасы

**Тіс протездерін дайындау технологиясы
бойынша дәріс**

**Алмалы протезге қойылатын
жасанды тістердің типтері.**

Алмалы протезге қойылатын жасанды тістердің типтері

- Протездеу сапасын арттыру мақсатында пластмас тістердің типтері мен фасондары туралы альбом шығарылған. Альбом негізінен стоматологтың тіс протездеуде тістерді типі мен көлеміне, түсіне қарай таңдауына мүмкіншілік береді. Альбом тіс қатарының 5 түрлі размерімен анатомиялық тіс қоюда 28 тістен толық тіс гарнитурасын жинауға мүмкіншілік береді.

- Альбомда алдыңғы тістердің 14 (жоғарғы және төменгі) азу тістерінің 5 размері бар. Алдыңғы тістердің 13 фасоны (2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14) негізгі болып табылады да азу тістерінің 1, 2, 3, 4, 5 фасонымен сәйкес келеді. Алдыңғы тістердің 1 –ші фасоны қосымша болып, жартылай алмалы-салмалы протездер жасауда қолданылады.


- Алдыңғы тістердің үш типі бар
 - тік бұрышты,
 - клин тәрізді,
 - сопақша.

Алдыңғы тістердің сопақша гарнитурасы тек қана жоғарғы жаққа шығарылады, төменгі жақтың тік бұрышты және клин тәрізді тістерімен жақсы артикуляциялық қатынаста болады. 1, 2 және 3 фасонды азу тістер 2 гарнитурадан болады, айырмашылығы тек қана тістердің биіктігінде.

Гарнитур фасондары номермен белгіленеді; үлкен номерге үлкен гарнитур сай келеді. Алдыңғы тістердің 2 ден 14 номері, азу тістерінің 1 ден 5-ке дейінгі номерлі гарнитурасының ені мен биіктігі ақырындап өсе түседі.

Тістерді оңай айыру үшін және стоматологқа жеңіл болу үшін, тістердің түбінде фасон номері мен тістің типін білдіретін белгі қойылады, үстіңгі тістерде белгі үстіңгі жағында цифра астыңғы жағында, астыңғы тістерде цифра үстіңгі жағында белгі астыңғы жағында орналасады.

Алдыңғы тістердің типтері




- Өнеркәсіп тек қана ортогнатиялық тістемге арналған бір типті жасанды тістер шығарады. Сондықтан прогениялық тістем кезінде қарама-қайшы тіс қою әдісі қолданылады: оң жақ жоғарғы азу тістері астыңғы протездің сол жағына, ал келесі тіс керісінше қойылады.

- Пластмассалы тістер (Эстедент-2) полимерлерден люминеформ қосу арқылы көлемді тор көз құрылымда шығарылады. Олар өңдеуге жеңіл, протез базисымен біртекті болғандықтан мықты химиялық байланыс құрайды.

- Фарфарлы тістер де стоматологиялық кабинеттерге әр түрлі фасонда, размерде, алдыңғы және азу тістер гарнитурасы түрінде түседі. Фарфарлы тістер базис пластмассасымен химиялық байланыс құрмайды, сондықтан оларға арнайы бекітетін құрылымдар жасалынады.

- Бекіту әдісіне байланысты крампондық, диаторикалық және өзекті бекіту деп бөлінеді. Крампондар көбіне алдыңғы тістерге жасалынған. Крампондар (алтын, платина, болат) темір түтікше, немесе түйме тәрізді штифтер арқылы протез базисіне бекітіледі.

Фарфор тіске арналған (қуысы) штифтті бар протездің метал қаңқасы




Фарфор тістер:


а — крампонды;

б — диаторикалық;

в — иілген крампоны бар.



Өздігінен қайралатын Рубиновтың «Сазур» жасанды тістері



- Қызыл иек жағында колбаға ұқсас домалақ қуысы бар фарфор азу тістерін *диаторикалық* деп атайды, сол қуыстарға базис пластмассасы кіріп тістерді базиспен бекіткізеді.

- Литература

- 1. Бушан М.Г. Патологическая стираемость зубов и ее осложнения. Кишинев, 1979.
- 2. Копейкин В.Н. , Демнер Л.М. Зубопротезная техника. М., 1993. с. 197-209.
- 3. Щербаков.А.С.Гаврилов.Е.Н.Трезубов.В.Н.Жулев.Е.Н. Ортопедическая стоматология.М. Мед. 1998г. 395-411
- 4. Курляндский В.Ю «Ортопедическая стоматология», М. Медицина, 1977. с. 265-286.
- 5. Гаврилов Е.И., Щербаков А.С. «Ортопедическая стоматология», М., 1984. 304-309.
- 6. Хватова В.А., Курляндский В.Ю. К вопросу этиологии и патогенеза неврологических симптомов при снижении "высоты прикуса".
- 7. Каламкаров Х.А. "Ортопедическое лечение патологической стираемости твердых тканей зуба". М. 1984.
- 8. Кульманбетов И.А. Влияние света гелий-неонового лазера на течение пародонтита и сахарного диабета в эксперименте. Диссертация канд.мед.наук. Алматы 1983.
- 9. Гаврилов Е.Н. "Деформация зубных рядов" М. 1984 г.
- 10. Погодин И.М., Пономарева В.А.Руководство для зубных техников. М.Мед.1994.
- 11. Копейкин В.Н «Ошибки в ортопедической стоматологии», М., Мед., 1986 .
- 12.Каламкаров Х.А., Матвеева А.И. Клинические аспекты методики избирательного пришлифовывания зубов при заболевании пародонта. Стоматология 1983 №6 стр. 67.
- 13. .Рузуддинов С.Р., Телебаева Г. Т. Логико-дидактические структуры в изучении ортопедической стоматологии Алматы, 1995 .
- 14. Копейкин В.Н. "Ортопедическая стоматология" М.Мед. 1998 г.
- 15. Криштаб С.И. «Ортопедическая стоматология» Киев. 1986. с. 198-202.
- 16. И.К. Луцкая Руководство по стоматологии. Ростов на Дону 2002. с.553.
- 17. Фантомный курс по ортопедической стоматологии. А.П.Коновалов., Н.В.Курякина., Н.Е. Митин

Тексеру сұрақтары (кері байланыс)

1. Бет типіне байланысты жасанды тістерді қою жолдары.